2023 жылдың 1 жартыжылдығы бойынша "Әлия Молдағұлова халықаралық әуежайы" АҚ тұтынушылар мен басқа да мүдделі тұлғаларға бекітілген тарифтік сметаларды, бекітілген инвестициялық бағдарламаларды орындау туралы жылдық есебі

"Әлия Молдағұлова халықаралық әуежайы" АҚ табиғи монополиялар субъектісі туралы жалпы ақпарат

"Әлия Молдағұлова халықаралық әуежайы" АҚ (бұдан әрі - Қоғам) табиғи монополия субъектісі болып табылады. Әуежай қызметтері мемлекет реттейтін қызметтерге, қоғамдық маңызы бар нарық қызметтеріне, реттелетін қызметтермен технологиялық байланысты өзге де қызмет бойынша қызметтерге бөлінеді.

Табиғи монополия субъектілері Мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөліміне Қоғам келесі қызмет түрлері бойынша кіреді:

1) Әуе кемесінің ұшып - қонуын қамтамасыз ету;

2) Әуе кемесінің авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3) Өңдеуге (тиеуге/немесе түсіруге) жататын жүктер (почта) болған кезде әуе кемелерінің сертификатталған жолаушы-жүк ұшағы типтері бойынша, жолаушылар үшін отырғызудан кейін 3 сағаттан және жүк жолаушы-жүк ұшағы үшін 6 сағаттан жоғары нормативтен тыс тұрағын қамтамасыз ету;

4) Әуежайдың базалық әуеайлағында әуе кемесіне тұрақ орнын ұсыну.

Қоғам табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне келесі қызметтері бойынша кіреді:

1) Электр энергиясын беру және тарату.

Табиғи монополиялар туралы Заңға сәйкес, 4-бап 10-тармақ келесі реттелетін қызметтер төмен қуатқа жатады, себебі бұл қызметтердің кірісі 2023 жылдың 1 жартыжылдығы бойынша барлық реттелетін қызметтердің 5% аспайды:

1. Әуежайда өңдеуге (тиеуге/немесе түсіруге) жататын жүктер (почта) болған кезде әуе кемелерінің сертификатталған жолаушы-жүк ұшағы типтері бойынша, жолаушылар үшін отырғызудан кейін 3 сағаттан және жүк жолаушы-жүк ұшағы үшін 6 сағаттан жоғары нормативтен тыс тұрағын ұсыну;

2. Әуежайдың базалық әуеайлағында әуе кемесіне тұрақ ұсыну;

3. Электр энергиясын беру және тарату.

Ішкі рейстерде қызмет көрсету Кәсіпкерлік Кодекске сәйкес әуежай бойынша қоғамдық маңызы бар қызметтерге жатады, атап айтқанда:

- Жолаушыларды отырғызу-түсіру (телескопиялық трап арқылы);
- Жүкті және поштаны өңдеу бойынша қызметтер;
- Әуе кемелерін қарсы алу-шығару жөніндегі қызметтер;
- Әуе кемелерін жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер;
- Тасымалдау процесін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылатын әуежай үй-жайларын жалға беру жөніндегі қызметтер.

"Әлия Молдағұлова халықаралық әуежайы" АҚ бес жыл мерзімге екі реттелетін қызметке арналған 2023-2028 жылдарға арналған инвестициялық

бағдарлама әзірленді және ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитетінің 2022 жылғы 18 қарашадағы № 67 бұйрығымен бекітілді. Инвестициялық бағдарламаның негізгі мақсаты-жаңа активтерді құру, қолданыстағы активтерді қалпына келтіру және қолдау, реттелетін қызметтерді жүзеге асыру кезінде іске қосылған "Әлия Молдағұлова халықаралық әуежайы" АҚ негізгі құралдарын техникалық қайта жарақтандыру:

- Әуе кемесінің ұшып - қонуын қамтамасыз ету;
- Әуе кемесінің авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

Инвестициялық бағдарламаның орындалуға белгіленген іс-шаралар әуеайлақ объектілерін техникалық жарамды күйде ұстау, көрсетілетін қызметтердің қалыпты сапасын қамтамасыз ету, әуе кемелері мен жолаушылардың ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, еңбекті қажетсінетін процестерді механикаландыру және инженерлік-техникалық және жедел-жөндеу персоналының қалыпты жұмыс жағдайларын жыл сайын орындау қажеттілігімен негізделген.

Реттеліп көрсетілетін қызметтерге тартылған объектілерді реконструкциялауға, жаңғыртуға және жаңартуға 2023-2028 жылдар кезеңіне салынған капитал салымдарының көлемі 1 104 620,61 мың теңгені құрайды, оның ішінде;

- "Әуе кемесінің ұшып - қонуын қамтамасыз ету" қызметі бойынша - 837 180,97 мың теңге;
- "Әуе кемесінің авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету " қызметі бойынша- 267 439,71 мың теңге.

Бағдарлама өз қаражатын салумен қойылған міндеттердің орындалуын қамтамасыз етуге арналған. 2023 жылы инвестициялық бағдарламада 168 259,4 мың теңге көлемінде инвестициялар салу көзделген, оның ішінде:

- Әуе кемесінің ұшып - қонуын қамтамасыз ету -127 634,4 мың теңге;
- Әуе кемесінің авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету -40 625 мың теңге;

Бағдарламаны қаржыландырудың негізгі көздері "табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 204-VI Заңының 15-бабы, 2-тармағы, 1-тармағына сәйкес тарифке салынған және дамытуға бағытталатын реттеліп көрсетілетін қызмет пен пайдаға арналған тариф құрамындағы амортизациялық аударымдар болып айқындалды. Табиғи монополия субъектісінің дамуы мен тиімді жұмыс істеуіне бағытталған пайда алу және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мақсаттар. Қосымша қаржыландыру көзі ретінде тараптан қарыз қаражатын тарту көзделмеген, яғни бағдарламаны қаржыландыру тек өз қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады, бұл банктердің кредиттері үшін сыйақы төлеуге қосымша шығыстарды болдырмауға мүмкіндік береді.

2023 жылдың 1 жартыжылдығында реттелетін қызметтерге арналған инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру амортизациялық аударымдар есебінен жүргізілді және 168 259,00 мың теңгені құрады:

– әуе кемесінің ұшып көтерілуін және қонуын қамтамасыз ету қызметі бойынша- бір жыл ішінде бекітілген инвестициялар сомасы 127 634,40 мың теңгені құрады, қаралып отырған кезең ішінде ұшу-қону жолағында жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 100 дана көлемінде ПАГ-18 әуеайлақ тақталары сатып алынды. 2023 жылдың 1 жартыжылдығында осы қызмет бойынша инвестициялық бағдарламаның орындалуы 18 517,18 мың теңгені құрады.

– әуе кемесінің авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметі бойынша-инвестициялардың бекітілген сомасы бір жыл ішінде 40 625,00 мың теңгені құрады, багажды тексеру үшін рентген-телевизиялық қондырғы сатып алынды. 2023 жылдың 1 жартыжылдығында осы қызмет бойынша инвестициялық бағдарламаның орындалуы 12 901,70 мың теңгені құрады.

1. 2023 жылдың 1 жартыжылдығы бойынша Инвестициялық бағдарламаның орындалуы

Бекітілген инвестициялық бағдарламаның барлық іс-шаралары толық көлемде орындалды (қосымша 1-Кесте, 2-кесте).

2. Уәкілетті орган бекіткен 2023 жылдың 1 жартыжылдығы бойынша тарифтік сметалардың бап бойынша орындалуы туралы ақпарат

(қосымша 1-Кесте, 2-кесте, 3-Кесте, 4-Кесте, 5-Кесте)

Тарифтік саясат

Қоғамға 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҚР ИИДМ ААК 17.11.2022 жылғы №66 бұйрығына сәйкес екі реттелетін қызметке шекті тарифтер бекітілді:

- коммерциялық емес мақсаттарда және халықаралық бағыттар бойынша ҚР әуежайларында техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшуларды жүзеге асыратын авиатасымалдарға қызмет көрсету барысын қоспағанда, әуе кемелерінің ұшып - қонуын қамтамасыз ету - 1 727,33 теңге, 1 тонна МҰМ үшін ҚҚС есептемегенде;
- коммерциялық емес мақсаттарда және халықаралық бағыттар бойынша ҚР әуежайларында техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшуларды жүзеге асыратын авиатасымалдарға қызмет көрсету барысын қоспағанда, әуе кемелерінің авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету – 609,70 теңге - 1 тонна МҰМ үшін ҚҚС есептемегенде;

Сондай-ақ 2023 жылдың 1 наурызынан бастап ҚР ИИДМ ААК 18.01.2023 жылғы №2 бұйрығына сәйкес екі реттелетін қызметке өтемдік тарифтер бекітілді:

- коммерциялық емес мақсаттарда және халықаралық бағыттар бойынша ҚР әуежайларында техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшуларды жүзеге асыратын авиатасымалдарға қызмет көрсету барысын қоспағанда, әуе кемелерінің ұшып - қонуын қамтамасыз ету - 1 487,50 теңге, 1 тонна МҰМ үшін ҚҚС есептемегенде;
- коммерциялық емес мақсаттарда және халықаралық бағыттар бойынша ҚР әуежайларында техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшуларды жүзеге асыратын авиатасымалдарға қызмет көрсету барысын қоспағанда, әуе кемелерінің авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету – 594,42 теңге - 1 тонна МҰМ үшін ҚҚС есептемегенде;

Қоғам индекстеу әдісін қолдана отырып, 2023 жылдың 1 жартыжылдығында қуаттылығы төмен Қызметтерге тарифтерді көтерді.

- әуе кемесіне нормативтен тыс тұрақ бергені үшін тариф - сағатына 1 тонна МҰМ үшін 5,82 теңгені құрады;
- базалық әуеайлақта ӘК тұрақ орнын ұсынуға арналған тариф-тәулігіне 1 тонна МҰМ үшін 61,17 теңгені құрады;
- электр энергиясын беру және бөлу бойынша тариф - 1 кВт/сағ үшін 0,43 теңгені құрады.

2023 жылдың 1 жартыжылдығында қоғамдық маңызы бар Қызметтерге тарифтерді көтеру жүргізілген жоқ, бірақ Ақтөбе әуежайында қызмет көрсету кезінде әуе кемелерін пайдаланушылардың өтінімдері бойынша техникалық құралдарды ұсыну бойынша бағаларға, 7-10% көлемінде көтеру жүргізілді.

3. Реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы туралы

6 жылға (2023-2028 жылдар) шекті тарифтерді бекіту кезінде тариф белгілеудің шығынды әдісі пайдаланылды, онда осы көрсеткіштер бекітілмейді.

4. Табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы

6 жылға (2023-2028 жылдар) шекті тарифтерді бекіту кезінде тариф белгілеудің шығынды әдісі пайдаланылды, онда осы көрсеткіштер бекітілмейді.

5. Негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштер

2023 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша **кірістер 1 345 млн.** теңге сомасын құрады, өткен жылға қарағанда **39%** немесе **379 млн.** теңге, жоспармен салыстырғанда **22%** - ға немесе **374 млн.** теңгеге төмендеді,ауытқу авиаЖЖМ өткізу көлемінің төмендеуіне мен реттеліп көрсетілетін қызметтерге ААК тарифтерінің төмендетуіне байланысты.

2023 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша **шығыстар 1 394 млн.** теңге сомасын құрады, өткен жылға қатысты **3%** немесе **39 млн.** теңгеге өсті, жоспармен салыстырғанда 13% - ға немесе 204 млн. теңгеге төмендеді, бұл шығындарды оңтайландырумен және шығындарды болашақ кезеңдерге ауыстырумен байланысты.

2023 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша **шығын (-) 49,6 млн. теңге** мөлшерінде қалыптасты, өткен жылға қарағанда **87%** - ға немесе **339 млн.** теңгеге, жоспармен салыстырғанда пайда **170 млн.** теңгеге төмендеді. шығын себептері:

* АвиаЖЖМ сатудан түсетін кірістерді төмендеуі;
* Реттелетін қызметтер бойынша өтемдік тарифтерді қолдану;
* Коммуналдық қызметтер тарифтерінің өсуі;

* Сатып алынатын тауарлар мен қызметтер бағасының 20% - дан астам өсуі.

Кірістер

Реттелетін қызметтерден түскен кірістер алынды:

- ӘК ұшып - қонуын қамтамасыз ету - **145 млн.** теңге, 2023 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша орындалуы **45,68%** құрады;
- авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – **55,80 млн.** теңге, 2023 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша орындалуы **49,70%** құрады;
- әуе кемесіне нормативтен тыс тұрақ бергені үшін тариф – **0,90 млн. теңге,** 2023 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша орындалуы **52,90%** құрады;
- базалық әуеайлақта ӘК тұрақ орнын ұсынуға арналған тариф - **0,25 млн.** теңге, 2023 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша орындалуы **32,91%** құрады;
- электр энергиясын беру және бөлу бойынша тариф – **0,43 млн.** теңге, 2023 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша орындалуы **44,43%** құрады.

Шығыстар

Реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша 2023 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша шығыс бөлігі төмендегідей орындалды:

- ӘК ұшып - қонуын қамтамасыз ету - **159 млн.** теңге, 2023 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша орындалуы **50,10%** құрады;
- авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – **56,00 млн.** теңге, 2023 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша орындалуы **50,10%** құрады;
- әуе кемесіне нормативтен тыс тұрақ бергені үшін тариф – **0,80 млн. теңге,** 2023 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша орындалуы **48,80%** құрады;
- базалық әуеайлақта ӘК тұрақ орнын ұсынуға арналған тариф - **0,38 млн.** теңге, 2023 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша орындалуы **49,19%** құрады;
- электр энергиясын беру және бөлу бойынша тариф – **0,48 млн.** теңге, 2023 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша орындалуы **49,74%** құрады..

6. Көрсетілген реттеліп ұсынылған қызметтердің көлемі

1. "Ұшақ - ұшуына қызмет көрсетілді" – 2 011 рейс;
2. «Өңделген жүктер мен пошталар» – 5 711 тонна;
3. «Жолаушыларға қызмет көрсету» – 422 285 адам;
4. «Әуе кемесінің ұшып - қонуын қамтамасыз ету» –133 682 МҰМ тонна;
5. «Әуе кемесінің авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету» – 133 682 тонна МҰМ тонна;
6. «Өңдеуге (тиеуге/немесе түсіруге) жататын жүктер (почта) болған кезде әуе кемелерінің сертификатталған жолаушы-жүк ұшағы типтері

бойынша, жолаушылар үшін отырғызудан кейін 3 сағаттан және жүк жолаушы-жүк ұшағы үшін 6 сағаттан астам нормативтен тыс тұрағын ұсыну» -51 012,27 МҰМ /тонна сағатына;

7. «Әуежайдың базалық әуеайлағында әуе кемесіне тұрақ орнын беру» - тәулігіне- 4 160 МҰМ тонна;
8. «Электр энергиясын беру және тарату» – 1 003,89 мың кВт.

7. Тұтынушылармен жүргізілетін реттеліп көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат

Авиациялық қызметтер маусымдық сипатта болады: навигацияның көктем-жаз кезеңінде (КЖК) әуе кемелерінің (ӘК) рейстерінің саны артып келеді. Авиация қызметінің маусымдық сипаты Қоғамның ағымдағы қаржылық нәтижесі мен жағдайына әсер етеді.

"Әлия Молдағұлова халықаралық әуежайы" АҚ қосымша көлемді тарту бойынша іс-шаралар жүргізілуде - Әлия Молдағұлова әуежайы арқылы рейстерді ұлғайту бойынша түрлі авиакомпаниялармен келіссөздер және шарттық хат алмасу жүргізілуде. Авиакомпанияларға әуежай қызметтеріне тарифтер мен алымдар, авиаотын құны туралы ақпараттық хаттар үнемі жіберіліп отырады.

Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетінің дамуына, сондай-ақ Ақтөбе әуежайының ыңғайлы орналасуына (Азия-Еуропа әуе трассаларының қиылысы) байланысты авиакомпаниялардың қызмет көрсету сапасына қойылатын талаптарының өзгеруі бойынша тенденциялары байқалады. Осы мақсатта қызметкерлерді қызмет көрсетудің заманауи әдістеріне қайта оқыту бойынша іс-шаралар жүргізіледі, сондай-ақ әуе кемелері мен жолаушыларға қызмет көрсету үшін қажетті арнайы және автомобиль техникалары, жабдықтар паркін жаңғырту және жаңарту жүзеге асырылады.

8. 2023 жылғы қызмет перспективалары (даму жоспарлары) және Қоғамның басым бағыттары.

Қоғамның 2023 жылға және одан кейінгі жылдарға арналған міндеті қызмет көрсету сапасын, көрсетілетін қызметтердің толықтығын төмендетпей, қолда бар ресурстармен ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу, білікті персоналды сақтау болып табылады. Операциялық шығыстарды қысқарту, еңбек өнімділігін және Қоғам ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру, ұшу қауіпсіздігін және сертификатталған талаптарды орындауды қамтамасыз ететін қызметтерді техникалық қайта жарақтандыру.

Жоспардың орындалуын, қызметтердің іске асырылуын және Қоғамның инвестициялық бағдарламасының орындалуын жүйелі бақылау.

Ақтөбе әуежайы жолаушылар рейстерінің санын арттыру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде, Ресейге (Минералды сулар), Өзбекстанға (Ташкент) және Грузияға (Тбилисиде қайта қосылу) жаңа бағыттарды ашу бойынша келіссөздер

жүргізілуде. Сондай-ақ, жүк рейстері бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде, Ақтөбеде қосымша жүк рейстерін ашу үшін Грузия, Әзірбайжан және Қытай авиакомпанияларымен келіссөздер жүргізілуде.

"Әлия Молдағұлова халықаралық әуежайы" АҚ барлық әуе кемелерін ұшу салмағы бойынша шектеусіз қабылдауға дайын. Өз тарапынан, әуежайға қызмет көрсету мәселелерінде "Әлия Молдағұлова халықаралық әуежайы" АҚ алыс шетелдерді қоса алғанда, барлық бағыттар бойынша авиарейстерді қамтамасыз етуге және оларға техникалық қызмет көрсетуге дайын.

Басқарма Төрағасының қаржы Бойынша орынбасары **Утегалиева К.К.**

ЭжҚТБ бастығы **Игнатенко Т.А.**